

БЕКІТЕМІН:
«Бала шақ» жеке мекеме
бақшасының меңгерушісі
_____Ж.Шоханқызы
«31» тамыз 2026 ж
№1 педагогикалық кеңесте

«Бала шақ» бақшасының 2026 – 2027 оқу жылына арналған тәрбиелеу білім беру процесін ұйымдастыру жұмысының ЖЫЛДЫҚ ЖОСПАРЫ

Жария нұсқа: дербес деректер қысқартылған.

МАЗМҰНЫ

1. Ақпараттық мәлімет
1.1. жалпы мәлімет (*мектепке дейінгі ұйым туралы*);
1.2. талдау (*өткен оқу жылында атқарылған жұмыстар туралы мәлімет, денсаулық пен салауатты өмір салтын қамтамасыз ету,педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру нәтижелері, тәрбиеленушілердің ата-аналарымен өзара байланыс, әкімшілік-шаруашылық жұмыстың қорытындылары талданады*).
2. Кадрлармен жұмыс. Педагогтердің біліктілігі мен кәсіби шеберлігін арттыру
2.1. педагогикалық кадрлардың негізгі құрамы;
2.2. біліктілікті арттыру курстан өтуі;
2.3. аттестаттауға дайындық және аттестаттау;
2.4. тәрбие мен оқыту үдерісін жетілдіруге бағытталған әдістемелік сүйемелдеу, кеңестер беру
2.5. кәсіби шеберлікті арттыру (*педагогтердің әдістемелік бірлестіктерге, конференцияларға, дөңгелек үстелдерге, вебинарларға, шеберлік сыныптарына және т. б. баруы*);
2.6. педагогтердің өз білімін жетілдіруі.
3. Педагогикалық- ұйымдастырушылық-жұмыс
3-1. Әдістемелік көмек көрсету
3.1.1. шығармашылық топтардың жұмысы;
3.1.2. педагогикалық кеңестерді дайындау және өткізу;
3.1.3. озық педагогикалық тәжірибені зерделеу, жалпылау, енгізу, тарату;
3.1.4. заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастыру;
3.1.5. ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға жағдай жасау;
3.1.6. байқаулар (жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар (ғылыми жарыстар) конкурстарының, орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесіне сәйкес конкурстарға қатысу)
3.1.7. кеңес беру;
3.1.8. семинарлар, семинар-практикумдар, шеберлік сыныптары
3.1.9. ашық есік күніне қатысу;
3.1.10. инновациялық технологияларды сынақтан өткізу және енгізу;
3.1.11. эксперименттік әрекетке қатысу;
3.1.12. әдістемелік кабинетті жабдықтау және материалдармен толықтыру.
3-2. Тәрбие жұмысы.
3.2.1. тәрбиеленушілердің қатысуымен әлеуметтік адамгершілік, тұлғалық, эстетикалық, экологиялық және дене тәрбиесі бойынша іс-шаралар (*конкурстар, көрмелер, экскурсиялар, дене шынықтыру-сауықтыруіс-шаралары және т.б. өткізу*).
3.2.2. тәрбилеу-білім беру процесін психологиялық-педагогикалық және медициналық қолдау (логопед)
3.2.3. педагог-психолог
3.2.4. мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды ұйымдастыруда арнайы педагог (пән педагогтері, музыка жетекшісі, дене тәрбиесі нұсқаушысы)

3.2.5. медицина қызметкерлерінің жұмыс түрлері.

4. Тәрбиеленушілердің отбасыларымен өзара қарым-қатынас.
4.1. ата-аналар жиналыстары, семинарлар, тренингтер, практикумдар, дөңгелек үстелдер, консультациялар
4.2. балалардың, ата-аналар мен педагогтердің бірлескен шығармашылығы (*конкурстар, акциялар, мерекелер және ойын-сауық*);
4.3. ата-аналарды ақпараттық стендтерде, балабақшаның ресми сайтында түрлі мәселелер бойынша хабардар ету.
5. Орта білім беру ұйымдарымен өзара іс-әрекет.
6. Мектепке дейінгі ұйымдарда жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру.
7. Бақылау: бақылау түрлері мен мазмұны.
8. Әкімшілік-шаруашылық жұмыс (*материалдық-техникалық және қаржылық базасын нығайту бойынша барлық жұмыстар жоспарланады, жөндеу жұмыстары, дамытушы заттық-кеңістіктікортаны жарақтандыру және толықтыру***)**

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМ ҚЫЗМЕТІНДЕ БАСШЫЛЫҚҚА АЛАТЫН НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕР

Қазақстан Республикасының еңбек кодексі https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000414
«Білімтуралы»ҚазақстанРеспубликасыныңЗаңыhttps://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_
«Педагогмәртебесітуралы»ҚазақстанРеспубликасыныңЗаңыhttps://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000293
«ҚазақстанРеспубликасындағыбаланыңқұқықтарытуралы»ҚазақстанРеспубликасыныңЗаңы
Https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345_
«Ойыншықтардыңқауіпсіздігітуралы»ҚазақстанРеспубликасыныңЗаңыhttps://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000306_
«Кемтарбалалардыәлеуметтікжәнемедициналық-
педагогикалықтүзеуарқылы қолдау туралы» ҚазақстанРеспубликасыныңЗаңыHttps://adilet.zan.kz/rus/docs/Z020000343_
ҚазақстанРеспубликасындамектепкедейінгі,орта,техникалықжәнекәсіптікбілімберудідамытудың2023-
2029жылдарғаарналғантұжырымдамасыHttps://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249
Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000137
Мектепкедейінгітәрбиеменоқытудыңмемлекеттікжалпығаміндетті стандартыHttps://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031
Мектепке дейінгітәрбие мен оқытудыңүлгілік оқу жоспарлары https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1200008275
Мектепке дейінгітәрбие мен оқытудыңүлгілік оқу бағдарламаларыhttps://
adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600014235Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларыhttps://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029329
Мектепкедейінгіұйымдарғажәнесәбилерүйлерінеқойылатынсанитариялық-
эпидемиологиялықталаптар»санитариялыққағидаларыhttps://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100023469
Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгіштаттарыhttps://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300033166
Еңбекнарығыныңқажеттіліктерінескереотырып,техникалықжәнекәсіптік,ортабілімненкейінгібілімбаркадрлардыдаярлауға,сондай-
ақмектепкедейінгітәрбиелеуменоқытуға,ортабілімберугежәнебалаларғақосымшабілімберугемемлекеттікбілімберутапсырысынорналастыруқағидаларыHttps://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029323
Мектепкедейінгіұйымдарғаарналғанбілімберуқызметінкөрсетудің үлгілік шартыHttps://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013227
Педагоглауазымдарыныңүлгілікбіліктіліксипаттамалары https://adilet.zan.kz/rus/docs/V090005750_
Мектепке дейінгі,ортабілімберуұйымдарын,сондай-
ақарнайыбілімберуйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларыHttps://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013272
Мектепкедейінгібілімберусаласындамемлекеттікқызметтеркөрсету қағидаларыHttps://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020883
Ортабілімберуұйымдарынаарналғаноқулықтардың,мектепкедейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-
әдістемелік кешендердің,оның ішінде электрондық нысандағы тізбесіHttps://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020708
Мектепкедейінгітәрбиежәнеоқытуұйымдарыныңпедагогтеріжүргізу үшін міндеттіқұжаттардыңтізбесіHttps://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020317
Педагогикалықәдептіңкейбір мәселелеріhttps://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020619
Мектепкедейінгі ұйымдардаҚамқоршылыққеңестіңжұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары және оны сайлау тәртібі
Https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700015584

Мектепкедейінгіжәнеортабілімберуұйымдарынбейнебақылаужүйелерімен жарақтау стандарттары және оларға қойылатын талаптарHttps://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1900018239
«Үздік педагог» атағын беруқағидаларыhttps://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020472Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарыHttps://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013317
Педагогтіққайтадаярлау қағидаларыhttps://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020147
Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200031053
Мектепкедейінгітәрбиеменоқыту,бастауыш,негізгіорта,ортабілімберуұйымдарындапедагогикалықкеңесқызметінұйымдастырудыңжәнеоны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларыHttps://adilet.zan.kz/kaz/docs/V080005229
Мектепкедейінгітәрбиеменоқытуды,ортабілімберуді,сондай-ақ кредиттікоқытутехнологиясынескереотырып,техникалықжәнекәсіптік, ортабілімненкейінгібілімберудіжанбасынашаққандағынормативтік қаржыландыруқағидаларыHttps://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700016138
Мектепкедейінгітәрбиеменоқытудың,ортабілімберудің,сондай-ақ кредиттікоқытутехнологиясынескереотырып,техникалықжәнекәсіптік, ортабілімненкейінгібілімберудіжанбасынашаққандағынормативтік қаржыландыру әдістемесі https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700016137
Өртқауіпсіздігі қағидалары https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200026867
ҚазақстанРеспубликасыныңбілімберусаласындағықызметтіжүзегеАсыратынтеррористіктұрғыданосалобъектілерініңтерроризмгеқарсы қорғалуынұйымдастыружөніндегінұсқаулықHttps://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200027414

1. АҚПАРАТТЫҚ МӘЛІМЕТ

Проект бойынша қуаттылығы – 100 балаға арналған
Балалар саны – 100

Жасы бойынша топтау және толықтыру.

№	Топ аттары	Жасы	Балалардың саны
1	**«Ертегі»**	аралас топ – 2,3,4 жастағы балалар	20
2	**«Симба»**	ересек топ – 4 жастағы балалар	20
3	**«Островок»**	ересек топ – 4 жастағы балалар	20
4	**«Бәйтерек»**	мектеп алды топ – 5 жастағы балалар	20
5	**«Дисней»**	мектеп алды топ – 5 жастағы балалар	20
	Барлығы: 5 топ		100

«Бала шақ» балабақшасы 2 қабатты ғимаратта орналасқан. Корпустарда топтың бөлмелері; ойын бөлмесі, жатын бөлме, қабылдау бөлмесі, дәретхана, меңгеруші, әдіскер, есепші, медициналық; емшара кабинеті, оқшаулау (изолятор), қабылдау бөлмесі, психолог, шаруашылық меңгерушісі, қоймашы, пән мұғалімінің кабинеттері, ән-күй, дене тәрбиесі, асхана; дайындау цехы, тарату бөлмесі, ас үй ыдыстарын жуу бөлмесі, салқындату камерасы, құрғақ азық-түлік қоймасы, көкөністер қоймасы, кір жуатын бөлме; үтіктеу бөлмелері, таза төсек әбзелдердің бөлмесі бар. Бөлмелер заманауи талаптарға сай жабдықталған. Балалардың денсаулығын нығайту, салауатты өмір салтын қалыптастыруға толық мүмкіндік жасалған. Әр топқа сай алаң бар. Ойын алаңы безендірілген және қажетті ойын құралдарымен жабдықталған. Қимылды ойындардың өтілуіне сай мүмкіндіктер жасалынған. Балабақша айналасы газондандырылған, көгалдандырылған және қоршалған.

1.2. Талдау жұмыстары

2025-2026 оқу жылында **«Бала шақ»** балабақшасы бекітілген жылдық жоспарға сәйкес тәрбиелеу білім беру процесін ұйымдастыру жұмыстарын жүргізді. МДҰ қызметінде басшылыққа алатын нормативтік-құқықтық актілер негізге алынды. Жыл барысында 5 топ жұмыс жасады, бала саны 100, жалпы педагогтер саны 10, оның ішінде-1 меңгеруші\әдіскер, 1 психолог, 1 музыка\би жетекшісі, 1 дене шынықтырушы, 6 тәрбиеші жұмыс атқарды.

Оқу жылының барысында 3 педагог- «педагог-модератор», 1 педагог- “педагог-сарапшы” біліктілік санаттарын алып, сапалық құрам- 45 % артты.

Сонымен қатар, бастапқы, аралық, қорытынды мониторинг жүргізілді, тәрбиеленушілердің білім-білік дағдысы 50% өсті. Төмен деңгейдегі тәрбиеленушілермен әр мониторингтен кейін түзету-дамыту жұмыстары жүргізіліп, оң нәтижесін көрсетті. Диагностиканың жүргізілудің мақсаты баланың даму динамикасын анықтау болып табылады. Бұл мониторингте бес дағды бойынша балалардың үш кезеңдегі даму деңгейі бағаланады. Бөбекжайдағы жемісті жұмыстарының көрсеткіштерінің бірі, балаларды мектепке сапалы дайындау болып табылады. Мектепке дейінгі білім беруде сапалы қызметті қамтамасыз етуде мектепке дейінгі жастағы балалардың біліктері мен дағдыларын дамытудың маңызы зор. Мектепке дейінгі ұйымдарда білім беруге жүргізілетін мониторинг балалардың бес білім беру дағдысы бойынша даму динамикасын қадағалауға мүмкіндік берді. Тәрбиеленушілердің білімін мөлшерлеуші ретінде, балаларды жетілдіруді дамыту деңгейінің диагностикалық картасы қолданылады. Бұл үшін барлық жастағыларды зерттеу картасы әзірленген.

Консультациялық пунктке балабақшамен қамтылмаған 5 тәрбиеленуші тіркелді, педагогикалық психологиялық медициналық қолдау көрсетілді, ата-аналар тарапынан балабақша ұжымына алғыстар айтылды.

2025-2026 оқу жылының барысында 4 педагог **«Өрлеу»** біліктілігін арттыру курсын оқып, біліктіліктерін арттырды.

2026 жылғы 06 мамыр күні балабқшамызда ата-аналарына арналған «Бақшадағы менің бір күнім» тақырыбында ашық есік күні болды, ашық есік күніне 60 ата -ана қатысып, балабақша әкімшілігіне, ұжымына ризашылықтарын білдірді.

Оқу жылының барысында балабақша педагогтеріне жоспарға сай әдістемелік көмек көрсетілді. Атап айтар болсам, шығармашылық топ құрылды, ол топтың жоспары бекітілді, түрлі шебер-сыныптар, коучингтер, мониторинг, диалогтік алаң, пікірталастар өткізіліп, өзара тәжірибе алмасып, қолдау көрсеттік. Сондай-ақ, оқу жылының барысында 6 педагогикалық кеңес өткізілді. Балабақшада 5 топтың барлығында заттық-кеңістікті дамытушы орта құрылған және толықтай заманауи ойындармен қамтылған.

«Біз мектепке барамыз» іс-шарасы шеңберінде **«Болашақ»** мектебінің бастауыш сынып мұғалімдерімен **“Бәйтерек”, “Дисней”** мектепалды топтары кездесулер өткізді. Мектеп ұстаздары мектепалды тобының тәрбиеленушілерінің мектепке дайын екендерін және өз ойларын еркін жеткізе алатын, командада жұмыс жасау дағдыларының өте жақсы деңгейде екенін айтты.

«Республика күні», «Қош, келдің Жаңа жыл!», «Анашым, жан анам!», «Наурыз мерекесі», “Қош бол, балабақшам!” тақырыбында ертеңгіліктер өткізіліп, ертеңгіліктерге ата-аналар шақырылды. Сонымен қатар, 2025 жылғы мамыр айында балабақшада ашық есік күні болып өтті. Ашық есік күніне 55 ата-ана қатысты. Жыл барысында белсенділік танытқан, балабақшадағы іс-шараларға белсене қатысқан, ай сайын ертегі оқуға келген әжелерімізге, ұйымдастырылған іс-әрекеттерге келіп командаларға жетекшілік еткен барлық ата-аналарға алғысымызды білдірдік.

2025-2026 оқу жылының барысында балабақшада екі рет жалпы ата-аналар жиналысы өтті. Жиналыс барысында **«Әжелер мектебі, Әкелер мектебі, Аналар мектебі»** ұйымдастырылатыны айтылған болатын. Осыған орай «Үштік одақ» болып бірлесе жұмыс жасауға, баланы бірлесе отырып тәрбиелеуді, балабақша өміріне белсене қатысуға шақырды. Жиналысқа қатысқан ата-аналар өздерінің оң пікірлерін білдіріп, келісетіндерін айтты. Ата-аналарға балабақшаның ішкі тәртібі таныстырылды, тренингтер өткізілді. Оқу жылының соңында өткен қорытынды жиналыста жазғы сауықтыру кезеңінің жоспары таныстырылды. Ал топтарда ата-аналар жиналысы оқу жылының барысында 3 рет өтті, барлық ата-аналар жиналысы дәстүрден тыс форматта ұйымдастырылды.

2025-2026 оқу жылында қалалық, республикалық байқауларға тәрбиленушілер қатысып жүлделі орындар алды.
Атап айтатын болсақ:

1. «Менің әкем - полиция қызметкері» байқауы — III дәрежелі диплом.
2. Қалалық байқау — «Шахмат ойынына деген ынтасы мен логикалық ойлау шеберлігі» номинациясы.
3. Таеквон-до бойынша «SHYMKET OPEN» республикалық жарысы — I дәрежелі диплом.
4. «Робототехника» қалалық жарысы — «Бастапқы инженер» номинациясы.

Миссиясы: Білім беру үдерісінде баланың жан-жақты дамуына мүмкіндік беретін, заманауи талаптарға сай бейімделген, қауіпсіз әрі қолайлы білім беру ортасын қалыптастыру.

Басым бағыттары:

1. Психологиялық-педагогикалық қолдау бағыты

- Баланың жас ерекшелігі мен жеке қабілеттерін ескере отырып, қолайлы эмоционалдық орта құру
- Қауіпсіз, сенімді, қамқорлыққа негізделген қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру
- Психолог, педагог және ата-аналар арасындағы ынтымақтастықты нығайту

2. Дамытушы білім беру ортасын ұйымдастыру

- Ойын, тәрбиелеу мен оқытуға, шығармашылық пен зерттеуге арналған көпқызметті кеңістіктер құру
- Дидактикалық материалдар мен заманауи дамытушы ойындармен қамтамасыз ету

3. Қауіпсіздік және денсаулықты сақтау бағыты

- Физикалық және психологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету (санитарлық-гигиеналық талаптарға сай)
- Салауатты өмір салты мен қозғалыс белсенділігін дамыту шараларын ұйымдастыру
- Жарақаттың алдын алу, төтенше жағдайға дайын болу тәртібін сақтау

4. Жеке тұлғаны дамыту бағыты

- Баланың танымдық, әлеуметтік, эмоционалдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту
- Тіл дамыту, логикалық ойлау, коммуникативтік және әлеуметтік дағдыларды қалыптастыру
- Қызығушылығы мен бейімділігіне қарай дараланған әрекеттер

5. Инклюзивті білім беру бағыты

- Арнайы білім беру қажеттіліктері бар балаларға тең жағдай жасау
- Барлық балалардың білім алуына тең мүмкіндік ұсыну
- Толерантты және қамтушы орта қалыптастыру

6. Ата-аналармен серіктестік және қоғамдастықпен байланыс

- Ата-аналарды білім беру үдерісіне тарту
- Ашықтық пен сенімділікке негізделген ата-ана-педагог қатынасын қалыптастыру

- Қоғамдық ресурстарды тарту (кітапхана, мәдениет мекемелері, т.б.)

Күтілетін нәтиже:

1. **Балалар үшін:**
   - ✓ Баланың жан-жақты дамуына жағдай жасалған (танымдық, әлеуметтік, эмоционалдық, шығармашылық).
   - ✓ Балалар өзін еркін сезінетін, қауіпсіз әрі жайлы ортада тәрбиеленеді.
   - ✓ Білуге деген қызығушылығы, ынтасы, белсенділігі артады.
   - ✓ Коммуникативтік, танымдық, зерттеушілік қабілеттері дамиды.
   - ✓ Әлеуметтік бейімделу деңгейі жақсарады.
2. **Білім беру ортасы бойынша:**
   - ✓ Заманауи талаптарға сай дамытушы, қауіпсіз, функционалды тәрбие мен оқыту ортасы қалыптасады.
   - ✓ Білім беру үдерісінде инновациялық технологиялар мен әдістер тиімді қолданылады.
   - ✓ Инклюзивті және дараланған оқыту принциптері іске асырылады.
3. **Педагог пен ата-аналар үшін:**
   - ✓ Педагогтердің кәсіби шеберлігі артады, заманауи әдіс-тәсілдерді меңгереді.
   - ✓ Педагог, ата-ана және бала арасында ынтымақтастық орнайды.

2026 - 2027 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ЖЫЛДЫҚ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, патриоттық сезімі мықты, экологиялық мәдениет пен қоғамдық ережелерді ұстанатын жан-жақты дамыған тұлғаны тәрбиелеу

Міндеттері:

1. **Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды насихаттау:**
   - ❖ Балаларға ұлттық мәдениет пен дәстүрлерді үйрету, олардың маңыздылығын түсіндіру.
   - ❖ Адамгершілік, ізгілік, әділеттік сияқты жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыру.
2. **Патриоттық сезімді дамыту:**
   - ❖ Отанға деген сүйіспеншілік пен мақтаныш сезімін қалыптастыру.
   - ❖ Ел тарихын, мемлекеттің символдарын, ұлттық мерекелерді таныстыру.
3. **Экологиялық мәдениетті қалыптастыру:**
   - ❖ Табиғатты сүю және оны қорғауға жауапкершілік сезімін тәрбиелеу.
   - ❖ Қоршаған ортаны таза ұстау, ресурс үнемдеу және қайта өңдеу дағдыларын дамыту.
4. **Қоғамдық ережелер мен нормаларды ұстануға үйрету:**
   - ❖ Әлеуметтік тәртіп, мәдени қарым-қатынас ережелерін меңгерту.
   - ❖ Қоғамда өзін-өзі дұрыс ұстау және басқаларға құрметпен қарау дағдыларын дамыту.
5. **Жеке тұлғаның жан-жақты дамуын қамтамасыз ету:**
   - ❖ Танымдық, шығармашылық, эмоционалдық және әлеуметтік қабілеттерін дамыту.
   - ❖ Өзін-өзі тану, өзін-өзі дамыту және өзін-өзі бақылау дағдыларын қалыптастыру.
6. **Әлеуметтік жауапкершілікті арттыру:**
   - ❖ Қоғамға пайдалы істерге тарту, еріктілік және көмек көрсетуге баулу.

2. КАДРЛАРМЕН ЖҰМЫС. ПЕДАГОГТЕРДІҢ БІЛІКТІЛІГІ МЕН КӘСІБИ ШЕБЕРЛІГІН АРТТЫРУ

2.1. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КАДРЛАРДЫҢ НЕГІЗГІ ҚҰРАМЫ

Кадрлардың дербес деректері бар кесте жария нұсқадан алынып тасталды.

2.2.БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ КУРСТАН ӨТУІ

№	Педагогтың аты-жөні	Лауазымы	Біліктілікті арттыру жоспары					
			Оқу жылы		Оқу жылы		Оқу жылы	
			2026	2027	2027	2028	2028	2029
1	Шоханқызы Жубаныш	Меңгеруші /Әдіскер					К	
2	Аширбекова Меруерт Болатовна	Психолог			К			
3	Ешкулова Айгерим Абдигаппаровна	Музыка/ би жетекшісі		К				
4	Туребаева Тамара Смадияровна	Тәрбиеші					К	
5	Лесова Венера Алибековна	Тәрбиеші					К	
6	Теберикова Арайлым Болатқызы	Тәрбиеші						К
7	Тулемисова Гаухар Мұратқызы	Тәрбиеші	К					

8	Базан Шынар Құлыбекқызы	Тәрбиеші	**К**					
9	Әбдірахман Мариям Абдурахимқызы	Тәрбиеші	**К**					
10	Мінкан Ақжүніс Болатбекқызы	Дене шынықтыру			**К**			

2.3. АТТЕСТАТТАУҒА ДАЙЫНДЫҚ ЖӘНЕ АТТЕСТАТТАУ

қ/с	**Жұмыс мазмұны**	**Уақыты**	**Жауапты**	**Қайда қаралады**
1	Балабақша бойынша сараптамалық кеңестің құрамын құру бұйрық шығару	Тамыз	Меңгеруші/әдіскер Ж.Шоханқызы	Әдістемелік бірлестік
2	Аттестаттауға өтініш берген педагог-тәрбиешілердің тізімін жасау және бекіту.	Қыркүйек	Аттестаттау комиссия төрайымы	
3	«Аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту» туралы ҚР Оқу-ағарту министрлігінің 2024 жылғы 02 сәуірдегі № 72 бұйрығымен таныстыру, кеңес беру.	Қыркүйек	Аттестаттау комиссиясы	
4	«Әдістемелік аттестациялау мәселелері бойынша нұсқаулар» тақырыбында семинар кеңес ұйымдастыру	Үнемі	Әдіскер Ж.Шоханқызы	
5	Мектепке дейінгі ұйым педагогтерін аттестатталуға (ұлттық біліктілік тест) дайындық кезінде әдістемелік сүйемелдеу және практикалық көмек көрсету	Үнемі	Әдіскер Ж.Шоханқызы	
6	**Педагог аттестациясының тәртібі** * Аттестация кезеңдері: құжаттарды дайындау, бағалау, қорытынды шығару. * Аттестация комиссиясының құрылымы мен өкілеттіктері. * Педагогтің аттестацияға қатысуы үшін қажетті құжаттар.	Қыркүйек -қараша-қаңтар	Сараптау комиссиясы	

7	**Аттестацияның өлшемдері мен критерийлері** * Педагогтың кәсіби қызметін бағалау критерийлері. * Аттестация барысында қолданылатын өлшемдер: сабақ жүргізу сапасы, оқушылардың жетістіктері, педагогикалық стратегиялар. * Өзін-өзі бағалау және басқа мұғалімдермен бағалау.	Оқу жылы барысында желтоқсан – наурыз	Сараптау комиссиясы	
8	Келесі аттестатциядан өтетін педагогтарды анықтап, өтініш, жеке куәлік көшірмесін алу және деректер базасына енгізу, біліктілік санаттарын беруге (растауға) педагог портфолиосын қабылдау-табыстау актісі бойынша материалдарды сараптамалық кеңеске жылына екі рет өткізеді.	ҚР Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 02 сәуірдегі № 72 бұйрығы	Аттестаттау комиссиясы	
9	**Аттестация мен кәсіби дамудың байланысы** * Педагогтың үздіксіз білім алуы мен аттестация процесі. * Қосымша курстар мен тренингтер, сертификаттау. * Аттестацияның білім беру мекемелерінің дамуына қосқан үлесі.			

2.4. Тәрбие мен оқыту үдерісін жетілдіруге бағытталған әдістемелік сүйемелдеу, кеңестер беру (*әдіскер*)

№	Жұмыстың мазмұны	Қатысушылар	Мерзімі	Жауаптылар	Қорытындылау формасы
2.4.	Мектепке дейінгі ұйым педагогтеріне әдістемелік кеңестер беру	Мекетпке дейінгі ұйым педагогтері	Жыл бойы	Меңгеруші/әдіскер Шоханқызы.Ж	Мәлімет
2.5.	Мектепке дейінгі білім беру мекемелеріндегі ҰББДҚ «ИНДИГО-24» «Ваучер» электронды базалар бойынша талдау жұмыстарын жүргізу	Мекетпке дейінгі ұйым жауапты маман	Жыл бойы	Меңгеруші/әдіскер Шоханқызы.Ж	Мәлімет
2.6.	Баланың жеке даму картасын толтыру қадғалау, сүйемелдеу жұмыстары	Мекетпке дейінгі ұйым жауапты маман	Жыл бойы	Меңгеруші/әдіскер Шоханқызы.Ж	Мәлімет
2.7	Нормативтік-құқықтық актілер бойынша әдістемелік кеңес беру	Мекетпке дейінгі ұйым педагогтері	Жыл бойы	Меңгеруші/әдіскер Шоханқызы.Ж	Мәлімет
2.8.	«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жұмыс жүргізуіне әдістемелік қолдау көрсету	Мекетпке дейінгі ұйым педагогтері	Жыл бойы	Меңгеруші/әдіскер Шоханқызы.Ж	ӘО мәлімет
2.9.	Құзыреттілік орталықтардың сапалы жұмыс жүргізуіне әдістемелік қолдау көрсету	Мекетпке дейінгі ұйым педагогтері	Жыл бойы	Меңгеруші/әдіскер Шоханқызы.Ж	ӘО мәлімет
2.10.	Консультациялық пункт жұмысын үйлестіру, «Тәрбие бесігі» жобасын жүзеге асыру	Мекетпке дейінгі ұйым педагогтері	Жыл бойы	Меңгеруші/әдіскер Шоханқызы.Ж	ӘО мәлімет
2.11.	«Ұстаз платформасы» бойынша мектепке дейінгі ұйым педагогтеріне ақпараттық және цифрлы технологияларды қолдануында әдістемелік кеңестер беру	Мектепке дейінгі ұйым педагогтері	Жыл бойы	Меңгеруші/әдіскер Шоханқызы.Ж	

2.12.	Тәрбиеленушілердің мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізу уақытылы толтыру, сүйемелдеу жұмыстары	Мектепке дейінгі ұйым педагогтері	Тоқсан сайын	Меңгеруші/әдіскер Шоханқызы.Ж	Мәлімет
2.13.	Тәрбиелеу-білім беру процесінде тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету	Мектепке дейінгі ұйым педагогтері	Жыл бойы	Меңгеруші/әдіскер Шоханқызы.Ж	Мәлімет
2.14.	«Тілге бойлау» бағдарламасын жүзеге асыру әдістемелік сүйемелдеу	Мектепке дейінгі ұйым педагогтері	Жыл бойы	Меңгеруші/әдіскер Шоханқызы.Ж	ӘО мәлімет
2.15.	«Беске дейін үлгер» ата-аналарға арналған мобильді қосымшамен жұмыс жүргізуіне әдістемелік қолдау көрсету	Мектепке дейінгі ұйым педагогтері	Жыл бойы	Меңгеруші/әдіскер Шоханқызы.Ж	ӘО мәлімет
2.16.	«Жасыл балабақша» жобасымен жұмыс жүргізуге әдістемелік қолдау көрсету	Мектепке дейінгі ұйым педагогтері	Жыл бойы	Меңгеруші/әдіскер Шоханқызы.Ж	ӘО мәлімет
2.17.	«Жас метеоролог» жобасымен жұмыс жүргізуге әдістемелік қолдау көрсету	Мектепке дейінгі ұйым педагогтері	Жыл бойы	Меңгеруші/әдіскер Шоханқызы.Ж	ӘО мәлімет
2.18.	Әдістемелік әзірлемелер (әдістемелік құрал, нұсқаулық жинақтар, авторлық бағдарлама) шығаруға әдістемелік сүйемелдеу жұмыстары	Мектепке дейінгі ұйым педагогтері	Жыл бойы	Меңгеруші/әдіскер Шоханқызы.Ж	Әзірлеме

2.4. КӘСІБИ ШЕБЕРЛІКТІ АРТТЫРУ

(*педагогтердің әдістемелік бірлестіктерге, конференцияларға, дөңгелек үстелдерге, вебинарларға, шеберліксыныптарына қатысуы*)

Мақсаты: *Әр түрлі іс - шараларды өткізу әдістемесін жетілдіру.Оқу - әдістемелік, материалдық – техникалық әзірлемелер, ресурстармен қамтамасыз ету, педагогтердің кәсіби педагогикалық біліктілігін көтеру,педагогикалық эксперименттер жүргізу*.

2.4 Кәсіби құзыреттілігін жетілдіру

Ұйымдастыру мақсаты: Педагогтердің кәсіби деңгейін арттыруда теориялық және әдістемелік көмек көрсету. Озық тәжірибелерді зерттеу. Педагогтердің қызығушылықтарын, мүмкіндіктерін және дайындық деңгейін ескере отырып, әдістемелік жұмыстың нысаны мен мазмұнын таңдау құқығын беру. Балаларға сапалы білім беру, тәрбие жұмысының деңгейін көтеру және педагогтердің жеке дамуына ықпал ету.

№	Т. А. Ә.	Қызметі	Педагогтің әдістемелік бірлестік жұмысына қатысуы	Конференция	Дөңгелек үстел	Коуч	Шебер сынып

1	Барлық педагогтер	Тәрбиешілер мен пән педагогтері	«Мамандығым-мақтанышым»	Айына 2 педагог подкаст-сұқбат жүргізу, өз МДҰ әлеуметтік желіге жариялау, әдістемелік орталықты тектеу			
2	Шоханқызы Жубаныш	Әдіскер	Аналар, әжелер, әкелер мектебі				
3	Аширбекова Меруерт Болатовна	Психолог			“Ойын арқылы дамимыз, түстер арқылы танимыз”		
4	Мінкан Ақжүніс Болатбекқызы	Дене тәрбиесі нұсқаушысы					***«Шертпек» , «Үш асық»*** ұлттық ойындары - бала бойына ұлттық құндылықтарды сіңірудің бір жолы.
5	Ешкулова Айгерим Абдигаппаровна	Музыка /би жетекшісі					Балабақшадағы ұлттық оркестр
6	Лесова Венера Алибековна	Тәрбиеші		Дәстүрден тыс сурет салу әдістері			
7	Туребаева Тамара Смадияровна	Тәрбиеші					Дос болайық бәріміз
8	Теберикова Арайлым Болатовна	Тәрбиеші			Мамандығым мақтанышым		
9	Тулемисова Гаухар Мұратқызы	Тәрбиеші				Заттық дамытушы ортаны ұйымдастырудың шығармашылық тәсілі	
10	Базан Шынар Құлыбекқызы	Тәрбиеші		Балақайға ертегі көрсетеміз			

11	Әбдірахман Мариям Абдурахимқызы	Тәрбиеші					Шығармашылық зерттеу жұмыстары

2.5.ПЕДАГОГТЕРДІҢ ӨЗ БІЛІМІН ЖЕТІЛДІРУІ

№	Педагогтің аты-жөні	Лауазымы	Тақырыбы	Мақсаты	Жұмыс жоспары	Аяқталу нысаны
1	Шоханқызы Жубаныш	Әдіскер	Білім берудегі инновациялық серпіліс	білім беру саласындағы заманауи әдіс-тәсілдердің маңызын ашу	Жоспар, шебер-сынып, іс тәжірибеге ендіру	Әдістемелік нұсқаулық
2	Мінкан Ақжүніс Болатбекқызы	Дене шынықтыру нұсқаушысы	«Шертпек» , «Үш асық» ұлттық ойындары - бала бойына ұлттық құндылықтарды сіңірудің бір жолы.	Ұлттық құндылықтарымызды балалардың санасына сіңіру, ұлттық ойындарға қызығушылықтарын арттыру. Асық ойындарымен баланың жастайынан жүйке жүйелерін шыңдап оларды дәлдікке , ұстамдылыққа, байсалдылыққа тәрбиелеу.	Жоспар, шебер-сынып, іс тәжірибеге ендіру	Әдістемелік нұсқаулық
3	Ешкулова Айгерим Абдигаппаровна	Музыка/би жетекшісі	Балабақшадағы ұлттық оркестр	Музыкаға қызығушылығы мен сүйіспеншілігін қалыптастыру, музыкалық және шулы	Жоспар, шебер-сынып, іс тәжірибеге ендіру	Әдістемелік нұсқаулық

				аспаптарда ойнау тәсілдерін енгізу.		
4	Аширбекова Меруерт Болатовна	Психолог	“Ойын арқылы дамимыз, түстер арқылы танимыз”	Балалардың ойлау, есте сақтау, зейін және тілдік қабілеттерін ойын арқылы дамыту, түстерді ажырату мен атау арқылы танымдық қабілеттерін жетілдіру.	Жоспар, шебер-сынып, іс тәжірибеге ендіру	Әдістемелік нұсқаулық
5	Лесова Венера Алибековна	Тәрбиеші	Кәсіптік бағдар	Баланың қызығушылығын ояту – ойын арқылы мамандықтарға қызықтыру (дәрігер, ұстаз, құрылысшы, шаштараз, аспаз, т.б.).	Жоспар, шебер-сынып, іс тәжірибеге ендіру	Әдістемелік нұсқаулық
6	Туребаева Тамара Смадияровна	Тәрбиеші	Пішіндер еліне саяхат	Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру.	Жоспар, шебер-сынып, іс тәжірибеге ендіру	Әдістемелік нұсқаулық
7	Теберикова Арайлым Болатовна	Тәрбиеші	Заттық дамытушы ортаны ұйымдастырудың шығармашылық тәсілі	Заттық дамытушы ортаны ұйымдастыруда баланың жас ерекшелігін, оның қызығушылығын ескере отырып жабдықтаудағы педагогтің шығармашылық тәсілі.	Жоспар, шебер-сынып, іс тәжірибеге ендіру	Әдістемелік нұсқаулық
8	Тулемисова Гаухар Мұратқызы	Тәрбиеші	Сенсорлық тәрбие	Заттарды түсі, көлемі,пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және сенсорлық қабілеттерін дамыту жолдары.	Жоспар, шебер-сынып, іс тәжірибеге ендіру	Әдістемелік нұсқаулық
9	Базан Шынар Құлыбекқызы	Тәрбиеші	Мамандығым мақтанышым	Жақындарының мамандықтарымен таныстыру, олардың атқаратын қызметінің маңызын түсіну.	Жоспар, шебер-сынып, іс тәжірибеге ендіру	Әдістемелік нұсқаулық
10	Әбдірахман Мариям Абдурахимқызы	Тәрбиеші	Балақайға ертегі көрсетеміз	Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау	Жоспар, шебер-сынып, іс тәжірибеге ендіру	Әдістемелік нұсқаулық

3. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ- ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ-ЖҰМЫС.

1. Әдістемелік көмек көрсету

3.1.1. Шығармашылық топтардың жұмысы

Мақсаты: Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің педагогикалық шеберлігін жетілдіру, шығармашылық потенциалын дамыту, әдістемелік қолдау көрсету.

№	Іс -шара	Мақсаты	Жауапты	Ресурстар	Мерзімі	Күтілетін нәтиже	Орындалу түрі	Эволюция
1	Жоспарлау: Шығармашылық топтың жұмыс жоспарын құру	Шығармашылық топтың жұмысын жүйелі, тиімді жүргізу	Меңгеруші: Шоханқызы.Ж	Жоспар	Қыркүйек	Топпен жұмысты жандандыру	Шығармашылық топ отырысы	Әлеуметтік желіге жариялым, хаттама
2	Шебер- сынып: Кәсіби ойындар арқылы танысу	Балабақшадағы кәсіби бағдарлау бағытында қолдануға балалардың жас ерекшелігіне сай, ойын арқылы кәсіби әлеммен танысу	Әдіскер: Шоханқызы.Ж	Power Point таныстырылымы бейне жазба ресурстар	Қараша	Педагогтер кәсіби дамуға қолдау табады	Шебер-сынып	Әлеуметтік желіге жариялым, бейне жазба ,фото
3	Коучинг: Тәрбиеленушілердің диалог құру дағдыларын	Инновациялық әдістер мен технологияларды	Тәрбиеші: Леова.В.А. Туреаева.Т.С	Коучинг жоспары бейне жазба	Қаңтар	Әріптестер арасында кәсіби байланысты	Шебер-сынып	Әлеуметтік желіге жариялым,

	қалыптастыру	қолданады, әлеуметте ауызша қарым-қатынас жасайды, диалог құру дағдыларын үйренеді.				орнатады. Жаңаша әдіс-тәсілдерді бөліседі.		бейнежазба
4	Экологиялық коучинг: тұрақты даму жолында	Адамдар мен ұйымдардың экологиялық жауапкершілігін арттырып, оларды табиғатпен үйлесімді өмір сүруге бағыттау.	Тәрбиеші: Базан.Ш.Қ Әбдірахман.М.А	Power Point таныстырылымы бейне жазба ресурстар	Наурыз	Әріптестер арасында кәсіби байланысты орнатады. Жаңаша әдіс-тәсілдерді бөліседі.	Коучинг	Әлеуметтік желіге жариялым, бейнежазба
5	Тренинг: Аналар, әжелер, әкелер мектебін ұйымдастыру	Ата-аналарды бөбекжай-бақша өміріне тарту	Әдіскер: Шоханқызы.Ж	Жоспар	Мамыр	Нормативтік құқықтық құжаттарды тиімді қолдану арқылы нәтижелі жұмысты жүргізе алады.	Тренинг	Әлеуметтік желіге жариялым, бейнежазба
6	Шебер-сынып: Жаңа әдістемелер мен технологияларды енгізу	Педагогтар жаңа оқыту әдістері мен заманауи білім беру технологияларын меңгеріп, балалардың қызығушылығын арттырады. Бұл балалардың креативті ойлау және зерттеу қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді.	Психолог: Аширбекова.М.Б	Power Point таныстырылымы бейне жазба ресурстар	Мамыр	2025-2026 оқу жылының барысында не үйренгенін, не білгенін әріптестерімен бөліседі, пікірталасқа белсенді қатысады.	Шебер-сынып:	Әлеуметтік желіге жариялым, бейнежазба

3.1.2. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТЕРДІ ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ

Мақсаты: мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделін жүзеге асыру бағытында білім беру мазмұнының сапасын арттыру

№	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Орындаушы	Ескерту
	№ 1 Педагогикалық кеңес			
1	2026 -2027 оқу жылының жылдық жоспарын бекіту (күн тәртібі, ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестесі, перспективалық жоспар мен циклограмма құрылымын бекіту)	Тамыз	Меңгеруші/Әдіскер Шоханқызы.Ж	
2	Жазғы сауықтыру кезеңінің есебін беру.		Барлық педагогтер	
3	2026-2027 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хатпен, “Адал азамат” біртұтас тәрбие бағдарламасымен таныстыру.			
	Көрме: “Заманауи ұйқыашар жолақшалары”			
	№ 2 Педагогикалық кеңес	Қазан		
1	«Балалардың физикалық қасиеттерін дамыту» (есеп беру)		Д/ш нұсқаушысы: Мінкан.А.Б	
2	«Ұйқыдан кейінгі жаттығуды жүргізу әдістері» (өз тәжірибесімен бөлісу)		Тәрбиешілер: Туребаева.Т.С	
3	Көрме: «Балабақшадағы денсаулық сақтау технологиясы»		Теберикова.А.Б	

	№ 3 Педагогикалық кеңес 1 Педагогтердің міндетті құжаттарын зерделеу жұмысының қорытындысы 2 ***«Цифрлы дәуірдегі білім: жаңа технология – жаңа мүмкіндік»*** (өз тәжірибесімен бөлісу) 3 «Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін ойын арқылы дамыту» ойын-викторинасы	Желтоқсан	Әдіскер: Шоханқызы.Ж Тәрбиеші: Лесова.В.А Әбдірахман.М.А	
	№ 4 Педагогикалық кеңес 1 ***«Ерте кәсіптік бағдар»*** (жобасы аясында өз тәжірибесімен бөлісу) 2 «Тәрбиеленушілердің коммуникативтік дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін қалай дамытамын» (шығармашылық есеп беру) 3 Шебер-сынып: “ Артикуляциялық жаттығулар арқылы бала тілін дамыту”	Ақпан	Тәрбиешілер: Туребаева.Т.С Бердібаева.Ш.Б Психолог: Аширбекова.М.Б	
	№ 5 Педагогикалық кеңес 1 Бақылау жұмысының қорытындысы «Таңғы жаттығуды тиімді жоспарлау» (шығармашылық есеп беру) 2 Шебер сынып: «Балалардың бойына ұлттық тәрбиені қалыптастырудың тиімді тұстары» 3 Консультациялық пункттің жұмыс есебі.	Сәуір	Әдіскер: Шоханқызы.Ж Тәрбиешілер: Теберикова.А.Б Әбдірахман.М.А Психолог: Аширбекова.М.Б	
	№ 6 Педагогикалық кеңес 1 Балалардың бағдарламалық материалды меңгеруі, әдіскер есебі 2 Жазғы сауықтыру жұмысының іс- шараларын бекіту. 3 Техника қауіпсіздігі	Маусым	Меңгеруші/Әдіскер: Шоханқызы.Ж	

3.1.3. ОЗЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕНІ ЗЕРДЕЛЕУ, ЖАЛПЫЛАУ, ЕНГІЗУ, ТАРАТУ

Тақырыбы:
Мақсат:балаларды бақылай отырып, бақылау деректерін жинау арқылы тәрбиеленушінің танымдық қабілетін арттыру.
Міндеті:
- баланың бойындағы танымдық қабілетін арттыру;
- бақылау арқылы деректерді жинау;
- қызығушылықтарына сай ойын әрекеттерін ұйымдастыру.

Аты-жөні тобы: Шоханқызы Жубаныш
Жетекшісі: Әдіскер

№	Жұмыс барысы	Атқарылатын жұмыстар	Мерзімі	Жауаптылар
	I. Ұйымдастыру кезеңі			
1	**Тақырыпты анықтау:** бақылау мен деректерді жинау	Жоспар құру	Қазан	Тәрбиеші: Лесова.В.А Әдіскер: Шоханқызы.Ж
2	Топтағы тәрбиеленушілерге бақылау жүргізу	Бақылау, деректерді жинау	Қараша	Тәрбиеші: Туребаева.Т.С Әдіскер: Шоханқызы.Ж
3	Қызығушылықтарына сай ойын әрекеттерін ұйымдастыру.	Күн барысындағы ойын әрекеттері	Желтоқсан	Тәрбиеші: Лесова.В.А Әдіскер: Шоханқызы.Ж
	II. Озық тәжірибе, ортақ әдіс			
1	Жоспарға сай жас маманға әдістемелік көмек	Шебер сынып, менторинг, кеңес	Жыл бойы	Тәрбиеші: Теберикова.А.Б

	көрсету. Бақылау жүргізу бойынша білімін жетілдіруге көмектесу.			Әдіскер: Шоханқызы.Ж
2	Жас мамандардың өзара бақылауға, деректерді тіркеуге қатысуын ұйымдастыру	Шебер сынып, коучинг	Қаңтар	Тәрбиеші: Әбдірахман.М.А Әдіскер: Шоханқызы.Ж
3	Озық педагогикалық тәжірибені таратушы педагогтың аудан, облыстық семинар, конференцияларға қатысуы	Қалалық семинар, конференциялар, онлайн вебинар	Жыл бойы	Тәрбиеші: Базан.Ш.Қ Әдіскер: Шоханқызы.Ж
	III. Апробация процесін іске асыру бағытындағы жұмыстар			
1	Кәсіби сайыстар мен өзара байқауларға қатысуы	Сайыстар, байқаулар	Жоспарға сәйкес	Тәрбиешілер:Леова.В.А Әдіскер: Шоханқызы.Ж
2	Педагогтің танымдық оқиғаларын баспаға дайындау	БАҚ жұмыс	Желтоқсан, ақпан, сәуір	Әдіскер: Шоханқызы.Ж
3	Озат тәжірибе мүшесінің аудан, облыстық семинар, конференцияларға қатысуы	Облыстық семинар, конференциялар, онлайн вебинар	Жыл бойы Жоспарға сәйкес	Тәрбиеші: Туребаева.Т.С Әдіскер: Шоханқызы.Ж
	IV. Қорытынды, саралау, талдау жұмыстары			
1	Озық тәжірибені насихаттау, өзге балабақшалармен байланыс орнату	Дөңгелек үстел, шебер сынып	Жоспарға сәйкес Мамыр	Тәрбиешілер Теберикова.А.Б Әдіскер: Шоханқызы.Ж ОТЖ мүшелері
2	«Жас мамандар» апталығын өткізіп, талдау жасау	Апталық іс-шара	Мамыр	Тәрбиешілер Әбдірахман.М.А Әдіскер: Шоханқызы.Ж ОТЖ мүшелері
3	Озық тәжірибе мүшелерінің жұмысына талдау, жетекші есебін тыңдау	ОТЖ мүшелерінің отырысы, бөлім әдіскерлері	Мамыр	ТәрбиешілерТуребаева.Т.С Әдіскер: Шоханқызы.Ж
4	Қорытындылау: дөңгелек үстел	МДҰ басшылары, мектепке дейінгі ұйым педагогтері	Қазан	Тәрбиешілер Базан.Ш.Қ Әдіскер: Шоханқызы.Ж

3.1.4.ЗАТТЫҚ-КЕҢІСТІКТІК ДАМЫТУШЫ ОРТАНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Мақсаты: баланың жеке басын дамытуға жағдай жасау

№	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Топ аттары	Орындалу түрі
Үлгілік оқу бағдарламасын іске асыруды қамтамасыз етуі				
1	Дамытушы ортаны жобалау – педагог шығармашылығының көрінісі	Қазан	Аралас топ тәрбиешілері	Шебер сынып
2	Заттық дамытушы орта арқылы баланың еркін ойлауын дамыту	Желтоқсан	Ересек топ тәрбиешілері	Шебер сынып
3	STEAM және дамытушы заттық ортаның байланысы	Қаңтар	Мектепалды топ тәрбиешілері	Шебер сынып
4	Білім беру ортасы мен заттық кеңістікті тиімді ұштастыру. Балабқша алаңқайларында заттық дамытушы қолайлы орта құру жолдары	Сәуір	Барлық топтар	Шебер сынып

3.1.5. ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР БАЛАЛАРҒА ЖАҒДАЙ ЖАСАУ

Мақсаты: ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға жағымды қарым-қатынас қалыптастыру

3.1.6. БАЙҚАУЛАР

(*жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралықолимпиадалар мен ғылыми жобалар (ғылыми жарыстар) конкурстарының,орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының жәнеспорттық жарыстардың тізбесіне сәйкес конкурстарға қатысу*)

№	Іс -шара	Мақсаты	Жауапты	Мерзімі	Орындалу түрі	Эволюция
1	Тілім менің тірегім	балалардың өз ана-тіліне деген құрмет сезімін арттыру, тіл мәртебесін көтеру, өз ұлтына еліне деген сүйіспеншілігін ояту	Әдіскер Шоханқызы.Ж Тәрбиеші Лесова.В.А Музыка/Би жетекшісі Ешкулова.А	Қыркүйек	Қазақстан халқының Тілдері күніне орай шығармашылық байқау	Әлеуметтік желіге жариялым
2	Республикалық : «Қазақшаң қалай,	оқыту орыс тілінде жүргізілетін топтарда балаларды қазақ тілін		Қыркүйек	Байқау, бейнематериал	Әлеуметтік желіге жариялым

	балақай?»	меңгеруге ынталандыратын дамытушы тілдік орта құру.				
3	Аудан аралық байқау: Мектепке дейінгі ұйымның жыл әдіскері	Мектепке дейінгі ұйымдары әдіскерлерінің тәжірибесін анықтау қолдау және насихаттау, олардың кәсіби жеңгейін арттыру	Меңгеруші/әдіскер Шоханқызы.Ж	Қазан	Байқау, бейнематериал	Әлеуметтік желіге жариялым
4	Республикалық : «Өнеріміз саған Қазақстан!»	Ұлттық өнерді балалар музыкалық аспатары, билер, әндер, өлеңдер меңгерген мектеп жасына дейінгі балалар арасында байқау өткізу	Музыка/Би жетекшісі Ешкулова.А Тәрбиешілер	Қазан	Байқау, бейнематериал	Әлеуметтік желіге жариялым
5	Театрлық ойындар	Мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілікке тәрбиелеу, оларда мәдени құндылықтардықалыптастыру, балалардың интеллектуалдық және тұлғалық ерекшелігін дамыту.	Меңгеруші/әдіскер Шоханқызы.Ж Музыка/Би жетекшісі Ешкулова.А Тәрбиешілер	Қаңтар	Көрме: педагогтар үшін	Әлеуметтік желіге жариялым
6	Балабақша ішілік: Кәсіби бағдар: сюжетті ойындар	Балалар әрекетінің жетекші түрі ретінде ойынның дамуын ынталандыру, балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, топтарда пәндік-дамыту ортасын жақсарту, ойын өткізуге жағдай жасау мектеп жасына дейінгі балалардың ойын әрекетін ұйымдастырудағы мектепке дейінгі тәрбиешілер жұмысының озық тәжірибесін насихаттау.	Меңгеруші/әдіскер Шоханқызы.Ж Музыка/Би жетекшісі Ешкулова.А Тәрбиешілер	Ақпан	Байқау: педагогтер үшін конкурс	Әлеуметтік желіге жариялым
7	Республикалық : Барлығына рахмет!	өскелең ұрпақтың бойында толеранттылық, ересектерге құрмет және бір-біріне деген достық сезімін тәрбиелеу, сондай-ақ этносаралық және ұлтаралық келісімді нығайту.	Әдіскер Шоханқызы.Ж Музыка/Би жетекшісі Ешкулова.А Тәрбиешілер	1 Наурыз	Челлендж	Әлеуметтік желіге жариялым
8	Республикалық: Ханталапай	Әртүрлі ұлттық қимылды ойындарға қызығушылыққа баулу арқылы қазақ халқының салт-дәстүрлерімен, мәдениетіне мақтаныш сезімдерін қалыптастыру	Әдіскер Шоханқызы.Ж Музыка/Би жетекшісі Ешкулова.А Тәрбиешілер	Наурыз	Байқау:бейнематериал	Әлеуметтік желіге жариялым

9	Республикалық: Шебер әке, өнерлі ана, еңбекқор бала	Балалар арасында сәндік-қолданбалы шығармашылықтың салт-дәстүрлерімен, әдеп-ғұрыптарымен, тарихымен таныстыру және танымал ету, тәрбиеленушілердің белсенділігі мен танымдық қызығушылықтарын қалыптастыру арқылы қазақ халқының мәдени мұрасына мақтаныш пен құрмет сезімін тәрбиелеу.	Әдіскер Шоханқызы.Ж Музыка/Би жетекшісі Ешкулова.А Тәрбиешілер	Наурыз	Байқау:бейнематериал	Әлеуметтік желіге жариялым
10	Республикалық : Мен зерттушімін	Қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапйым дағдыларын меңгерту, қарапайым экологиялық ұғымдарды қалыптастыру	Әдіскер Шоханқызы.Ж Музыка/Би жетекшісі Ешкулова.А Тәрбиешілер	Сәуір	Байқау:танымдық-зерттеушілік	Әлеуметтік желіге жариялым
11	Республикалық : «Тату отбасы»	Мектеп жасына дейінгі балалар мен олардың ата-аналарының қатысуымен Отбасы күнін насихаттау, құндыылғын арттыру	Әдіскер Шоханқызы.Ж Музыка/Би жетекшісі Ешкулова.А Тәрбиешілер	Мамыр	Байқау:бейнематериал	Әлеуметтік желіге жариялым
12	Республикалық : Көңілді жаз!	жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру үшін қауіпсіз, жайлы және креативті ортаны құрудың озат тәжірибесін жинақтау және тарату	Әдіскер Шоханқызы.Ж Музыка/Би жетекшісі Ешкулова.А Тәрбиешілер	Мамыр	Көрме: ата-аналармен бірлесе	Әлеуметтік желіге жариялым
13	Республикалық: Менің елім-менің бақытты шағым	Балаларды шығармашылыққа баули отырып тәрбиелеу, мектеп жасына дейінгі дарынды балаларды анықтау, дамыту және қолдау көрсету.	Әдіскер Шоханқызы.Ж Музыка/Би жетекшісі Ешкулова.А Тәрбиешілер	Мамыр	Байқау:бейнематериал дар	Әлеуметтік желіге жариялым
14	Қалалық: Мектепке дейінгі ұйымның үздік педагогі	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласында еңбек етіп жүрген педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру, шығармашылықпен жұмыс істейтін, жаңашыл, заманауи әдіс-	Әдіскер Шоханқызы.Ж	Мамыр	Байқау:бейнематериал дар	Әлеуметтік желіге жариялым

		тәсілдерді меңгерген үздік педагогтерді анықтап, оларды қолдау және озық тәжірибелерін насихаттау.				

3.1.7. КЕҢЕС БЕРУ

№	Іс -шара	Мақсаты	Жауапты	Ресурстар	Мерзімі	Күтілетін нәтиже	Орындалу түрі	Эволюция
1	Әдістемелік нұсқаулық хаттың өзгерістерімен таныстыру	Тәрбиелеу- білім беру процесін ұйымдастыру дың ерекшеліктерін, педагогтердің негізігі міндеттерімен таныстыру	Әдіскер Шоханқызы.Ж	Әдістемелік нұсқаулық хат, слайд	Қыркүйек	Тәрбиелеу- білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктерін, педагогтердің негізігі міндеттерін біледі	Кеңес беру	Әлеуметтік желіге жариялым
2	Педагогтерді аттестациядан өткізу тәртібі	Педагогтерді аттестациядан өткізу тәртібімен таныстыру	Пән мұғалімі	Бұйрық слайд	Қараша	Педагогтерді аттестациядан өткізу жолдарын түсінеді	Семинар кеңес	Әлеуметтік желіге жариялым
3	Балаларға қаржылық сауаттылық негіздерін үйретудің жолдары	Балалардың жас ерекшеліктеріне сай қаржылық сауаттылықтың бастапқы түсініктерін қалыптастыру,ақша	Тәрбиешілер	Әдістемелік нұсқаулық хат, слайд	Қаңтар	Білім деңгейін көтеруге арналған әдістемелік ұсыныстар жайлы біледі.	Дөңгелек үстел	Әлеуметтік желіге жариялым

		туралы қарапайым ұғым беру, ақшаның еңбек арқылы келетінін түсіндіру, жинақтау, үнемдеу, бөлісу дағдыларын қалыптастыру						
4	Педагогтер портфолиосын ресімдеуге кеңес	“Ұстаз” платформасына жүктеу керек құжаттарды жинақтау	Әдіскер Шоханқызы.Ж	Бұйрық слайд	Наурыз	Педагогтерді аттестациядан өткізу жолдарын түсінеді	Кеңес беру	Әлеуметтік желіге жариялым
5	Нормативтік құқықтық актілер	Жаңа өзгерістермен танысытру	Әдіскер Шоханқызы.Ж	Бұйрық слайд	Тамыз	Жаңа норматив туралы түсінігі артады	Кеңес беру	Әлеуметтік желіге жариялым

3.1.8. СЕМИНАРЛАР, СЕМИНАР-ПРАКТИКУМДАР, ШЕБЕРЛІК СЫНЫПТАРЫ

(*алынған мақсат бағыттарға негіздей тақырыптар алынады***)**

№	Іс -шара	Мақсаты	Жауапты	Мерзімі	Орындалу түрі	Эвалюция
1	“Ойын арқылы дамимыз, түстер арқылы танимыз”	Балалардың ойлау, есте сақтау, зейін және тілдік қабілеттерін ойын арқылы дамыту, түстерді ажырату мен атау арқылы танымдық қабілеттерін жетілдіру.	Психолог Аширбекова.А.Б	Қазан	Семинар-тренинг	Әлеуметтік желіге жариялым
2	Артикуляциялық жаттығулар арқылы бала тілін дамыту	Артикуляциялық жаттығулар арқылы дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету.	Логопед .	Ақпан	Психокоррекциялық -тренинг	Әлеуметтік желіге жариялым
4	«Шертпек» , «Үш асық» ұлттық ойындары - бала бойына ұлттық құндылықтарды сіңірудің бір жолы.	Ұлттық құндылықтарымызды балалардың санасына сіңіру, ұлттық ойындарға қызығушылықтарын арттыру. Асық ойындарымен баланың жастайынан жүйке жүйелерін шыңдап оларды дәлдікке , ұстамдылыққа, байсалдылыққа тәрбиелеу.	Дене тәрбиесі нұсқаушылары Мінка.А.Б	Қараша	Семинар практикум	Әлеуметтік желіге жариялым
5	Көңілді оркестр	Музыканы тыңдау, ырғақты сезіну арқылы ойынға деген қызығушылығын	Музыка/Би жетекшісі Ешкулова.А	Қаңтар	Шебер сынып	Әлеуметтік желіге жариялым

		арттыру.				
6	Қалдықсыз өмір – коучинг арқылы жаңа әдеттер	Баланың экологиялық мәдениетін қалыптастыру, қалдықтарды азайтуға бағытталған саналы тұтыну дағдыларын дамыту және коучинг әдістері арқылы қалдықсыз өмір сүру әдеттерін күнделікті өмірге енгізу.	Тәрбиеші Лесова.В.А	Сәуір	Семинар практикум	Әлеуметтік желіге жариялым
7	“Ертегі желісімен тәжірибе, зерттеу,іздену”	Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын қолдану, ынталандыру.	Тәрбиеші Туребаева.Т.С	Мамыр	Семинар практикум	Әлеуметтік желіге жариялым

3.1.9. АШЫҚ ЕСІК КҮНІНЕ ҚАТЫСУ

№	Іс -шара	Мақсаты	Жауапты	Мерзімі	Орындалу түрі	Эвалюция
1	Достарыммен өткен бір күнім	Ата-аналарға бала тәрбиесінде көмек беріп балабақша жұмыс ретімен танысуға мүмкіндік беру	Меңгеруші/ Әдіскер Ж.Шоханқызы	Қыркүйек	ашық есік күні	Әлеуметтік желіге жариялым
2	Республика күні	Туған өлкенің құндылығымен сұлулығы туралы түсініктерін кеңейту өз елінің өткені мен бүгініне қызығушылықты дамыту	Барық тәбиешілер	Қазан	тақырыптық	Әлеуметтік желіге жариялым
3	Жаңа жыл – жаңа үміт, жаңа арман	Жаңа жыл мерекесі туралы түсініктерін қасыптастыру. Біздің елімізде және басқа елдерде жаңа жылды тойлау туралы балалардың түсініктерін қасыптастыру	Барық Тәбиешілер Музыка/Би жетекшісі Ешкулова.А	Желтоқсан	ертеңгілік	Әлеуметтік желіге жариялым
4	Білім мен	Мектепке дейінгі педагогтардың	Меңгеруші/Әдіскер	Желтоқсан	ашық есік күні	Әлеуметтік желіге

	технология: болашақтың тандемі	кегізгі міндеті балалармен жұмысты ұйымдастырудың әдістері мен формаларын? Жеке тұлғаны дамытудың алға қойылған мақсатына оңтайлы сәйкес келетін инновациялық педагогикалық технологияларды таңдау	Ж.Шоханқызы			жариялым
5	Қарлы өлкедегі қиял	Эксперименттік іс-әрекетпен айналысу және қоршаған ортамен практикалық әрекеттесу әдістерін меңгеру қабілетін дамыту	Музыка/Би жетекшісі Ешенкулова.А	Қаңтар	қысқы эстафета ойын	Әлеуметтік желіге жариялым
6	Ана – жүректің жарығы	Аналар күні мерекесі туралы түсініктерін қасыптастыру, отбасына деген сүйіспеншіліктерін арттыру	Тәрбиеші Туребаева.Т.С Музыка/Би жетекшісі Ешенкулова.А	Наурыз	ертеңгілік	Әлеуметтік желіге жариялым
7	Тәрбие басы – ұлттық негізде	Отбасының рөлі және оның әрбірадам өміріндегі маңызы.Бала тәрбиесіндегі отбасының рөлі қарым-қатынас орнату.	Меңгеруші Әдіскер Ж.Шоханқызы	Наурыз	ашық есік күні	Әлеуметтік желіге жариялым
8	Наурыз мерекесі	Балалардың қызығушылығын, қазақ мәдениетінің дәстүрлерін меңгеруде, танымдық ой-өрісін дамыту	Барлық тәрбиешілер	Наурыз	тақырыптық	Әлеуметтік желіге жариялым
9	Табиғатпен үйлесімде өмір сүру дағдылары	Адам мен табиғат арасындағы қарын-қатынас туралы түсініктер мен қарапайым түсініктерді дамыту баланың туған жерін табиғаты туралы құрметтеуге үйрету	Тәрбиеші Лесова.В.А	Сәуір	ермек	Әлеуметтік желіге жариялым
